ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1272106 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № (78 У, 4585821) Ішкі тексеру жүйесінің сыртқы бақылауын жүргізу бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Кен-Құрылыс-Сервис" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушы: "Кен-Құрылыс-Сервис" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	78 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Ішкі тексеру жүйесінің сыртқы бақылауын жүргізу бойынша қызмет көрсетулер, Ішкі аудит жүйесін ішкі бағалуды жүзеге асыру бойынша қызмет
Қосымша сипаттама	Тауарлық-материалдық құндылықтардың (ТМҚ) есебін, қозғалысын, нақты бар-жоғын, пайдаланылуын және есептен шығарылуын келісілген рәсімдерді орындау және құжаттармен расталған жетіспеушілік құнын есептеу арқылы тәуелсіз кешенді тексеру; нәтижесі — техникалық ерекшелікке сәйкес жазбаша қорытынды және растайтын материалдар.
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен Қ.Ә., Жаңаөзен қ., объекты и подразделения ТОО «Кен-Курылыс-Сервис»
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 10.2027 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 30%, Аралық төлем - 60%, Соңғы төлем - 10%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

1. Қызметтердің нысанасы мен мақсаты

Орындаушы «Кен-Курылыс-Сервис» ЖШС-нің (Тапсырыс беруші) тауарлық-материалдық құндылықтарының (ТМҚ) есебіне, қозғалысына, нақты қолда бар болуына, пайдаланылуына және есептен шығарылуына Ілеспе қызметтердің халықаралық стандарты – ІҚХС 4400 (қайта қаралған) бойынша келісілген рәсімдерді орындай отырып, тәуелсіз кешенді тексеру жүргізеді. Тексеру құрылыс-монтаждау жұмыстарында материалдардың нақты пайдаланылуын инженерлік-техникалық тексеруді де қамтиды.

Мақсаты – тексерілетін әрбір позицияның мәртебесін, алшақтықтардың туындау себептері мен кезеңін, жауапты тұлғалардың құжаттарда бекітілген міндеттерін және бақылаудағы кемшіліктерді анықтау; басқарушылық, бухгалтерлік және құқықтық шешімдер қабылдау үшін расталған деректерді дайындау.

2. Тексеру кезеңі мен объектілері

Тексерілетін кезең: 01.01.2020 жылдан бастап 31.12.2025 жылды қоса алғанда. Анықталған алшақтықтар бойынша тексеру ТМҚ-ның Тапсырыс берушінің қоймасына келіп түскен кезінен бастап жүргізіледі. ТМҚ-ның кейінгі қозғалысын, пайдаланылуын немесе есептен шығарылуын растау қажет болған жағдайда, 2026 жылғы байланысты құжаттар мен операциялар зерделенеді.

Тексеру объектілері: №1 және №3 құрылыс учаскелері, орталық қойма, өзге де сақтау орындары мен өндірістік объектілер, тексерілетін ТМҚ берілген бөлімшелер, бригадалар және үшінші тұлғалар, оның ішінде жауапты сақтауға берілген ТМҚ, сондай-ақ ТМҚ-ның учаскелер мен бөлімшелер арасындағы ішкі орын ауыстырулары. Міндетті түрде барып тексерілуге тиіс өндірістік объектілердің (шарттардың) тізбесін Тапсырыс беруші объектінің мәртебесін (жұмыс жүргізілуде, тапсырыс берушіге тапсырылған, пайдалануға берілген) және атқарушылық құжаттаманың сақталатын орнын көрсете отырып қалыптастырады және негізгі құжаттар топтамасының құрамында Орындаушыға береді.

3. Негізгі жұмыстар

1) Алшақтықтар анықталған ТМҚ бойынша жаппай тексеру жүргізіледі. Рәсімдер мен жұмыс кестесі Тапсырыс берушімен келісіледі.

2) Бухгалтерлік және қоймалық есеп деректерінің, 1С жүйесінен жүктеп алынған деректердің және бастапқы құжаттардың толықтығын тексеру;

3) келіп түсу, беру, орын ауыстыру, қайтару, есептен шығару және түзету операцияларын салыстыру.

4) Әрбір позицияның келіп түскен кезінен бастап пайдаланылғанға, берілгенге, қайтарылғанға немесе есептен шығарылғанға дейінгі қозғалысын қалпына келтіру: күндерін, санын, құнын, сақтау орындарын, алушыларын, жауапты тұлғаларын, объектілерін және растаушы құжаттарын анықтау.

5) Материалдық жауапты тұлғалардың (МЖТ) ауысуын тексеру: бұйрықтарды, қабылдау-тапсыру актілерін, түгендеу тізімдемелерін, салыстыру ведомостарын және жауапкершілік кезеңдерін зерделеу.

6) Тексеру барысында ТМҚ есебінде алшақтықтар анықталған жағдайда, Тапсырыс берушімен келісу бойынша түгендеу жүргізуге бастамашылық ету және Тапсырыс беруші ұйымдастыратын түгендеуге қатысу.

7) Өндірістік объектілерге міндетті түрде барып, ТМҚ-ның нақты пайдаланылуын қарап-тексеру нәтижелері, жобалау-сметалық және атқарушылық құжаттама, №2 және М-29 нысандары, Тапсырыс беруші қолданатын нысандар бойынша орындалған және жасырын жұмыстар актілері, материалдардың шығысы туралы материалдық есептер (оның ішінде М-29 нысаны бойынша), жасырын жұмыстарды куәландыру актілері, атқарушылық схемалар, жалпы жұмыс журналдары, материалдарды кіріс бақылау журналдары, талап-жүкқұжаттар, материалдарды сыртқа босатуға арналған жүкқұжаттар негізінде тексеру. Болмай қоймайтын ысыраптар мен қалдықтар нормаларын, жобалық ерекшеліктерді және материалдарды келісілген ауыстыруларды ескере отырып, материалдар шығысын сметалық қажеттілік бойынша (сметаларда қолданылған ҚР ресурстық сметалық нормалары) жұмыс көлемдерімен салыстыру; нормадан тыс шығыс негіздемесінің бар-жоғы көрсетіле отырып, бөлек көрсетіледі; объектіде белгіленген өткізу режимін сақтай отырып, фототіркеу жүргізу және қолжетімді конструкцияларға қажетті өлшеулер жасау.

8) Тапсырыс берушілерге (пайдаланушы ұйымдарға) берілген объектілерге кіруді Тапсырыс беруші объектінің иесі арқылы ұйымдастырады. Орындаушы өз қызметкерлерін жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді, олардың кіріспе нұсқамадан өтуін және өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өткізу режимі талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді; өлшеу құралдарын, ал қажет болған жағдайда геодезиялық түсірілімді Орындаушы өз есебінен қамтамасыз етеді.

9) Есептен шығарудың негіздерін, қол қоюшылардың өкілеттіктерін және есептен шығарудың уақтылығын, номенклатураның, санның, құнның және объектінің сәйкестігін тексеру; қайталама есептен шығаруларды, негізсіз сторноны (сторнолауды), ірі, әдеттен тыс және есепте кеш көрсетілген операцияларды анықтау.

10) Бөлімшелерге, бригадаларға және үшінші тұлғаларға беруді тексеру: негізін, күнін, санын, алушыны және оның қолын, беру мақсатын, кейінгі пайдаланылуын, қайтарылуын немесе есептен шығарылуын анықтау.

11) 2020–2025 жылдардағы түгендеулерді талдау: комиссияларды, қамту аясын, нәтижелерді, қабылданған шараларды, есепте көрсетілуін және қайталанатын алшақтықтарды зерделеу. Алшақтықтардың себептері мен расталатын кезеңін, лауазымды тұлғалар мен МЖТ-ның міндеттерін анықтау.

12) ТМҚ есебі мен қозғалысының барлық кезеңдеріндегі бақылауды бағалау; процестің блок-схемасын және ықтималдықты бағалау, себептер, салдарлар, кемшіліктер, ұсынымдар мен жауапты бөлімшелер көрсетілген тәуекелдер мен бақылау шараларының матрицасын дайындау.

Жасырын және монтаждалған элементтер құжаттар жиынтығы негізінде тексеріледі. Ашу, бөлшектеу және өзге де физикалық араласу Тапсырыс берушінің және объекті иесінің (пайдаланушысының) бөлек жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі.

4. Нәтижелерді жіктеу және олардың негізділігі

Тексерілетін әрбір позиция төмендегі санаттардың біріне жатқызылады:

№	ТМҚ мәртебесі
1	Іс жүзінде қолда бар.
2	Объектіде шығыс нормалары шегінде пайдаланылған; пайдаланылуы құжаттармен расталған.
3	Пайдаланылған, бірақ есептен шығару уақтылы не толық ресімделмеген.
4	Бөлімшеге, бригадаға немесе мердігерге берілген; қозғалысы расталған.
5	Қоймаға қайтарылған; қайтарылуы құжатпен және нақты қолда бар болуымен расталған.
6	Аяқталмаған құрылысқа немесе жұмыстарға жатады (жұмыстар орындалған, бірақ тапсырыс берушіге ұсынылмаған немесе ол қабылдамаған; жалпы жұмыс журналымен және атқарушылық құжаттамамен расталады).
7	Іс жүзінде жоқ; пайдаланылуы, берілуі, қайтарылуы немесе өзге жолмен шығуы расталмаған.
8	Түпкілікті қорытынды жасау үшін деректер жеткіліксіз; жетіспейтін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі көрсетілген.
9	Шығыс нормаларынан артық пайдаланылған; артық шығыс негізделмеген (артық шығыс көлемі көрсетіледі).
10	Қайта сұрыптау / ауыстыру: баламасы (өзге типтік өлшемі, маркасы) пайдаланылған; ауыстырудың келісілгені немесе келісілмегені көрсетіледі.

Әрбір қорытындыда нақты құжатқа, 1С жүйесіндегі жазбаға, актіге, объектіге немесе фотосуретке сілтеме болуға тиіс. Алшақтықтың нақты кезеңі анықталмаса, расталған күндер аралығы мен шектеудің себептері көрсетіледі.

Қоймада ТМҚ болмаған кезде бухгалтерлік есептегі қалдықтың болуы өздігінен жетіспеушілікті растамайды: алдымен материалдардың қозғалысы мен пайдаланылуы

тексеріледі. Қызметкерлердің құжаттармен белгіленген міндеттері заңдық кінәдан бөлек қаралады; құқықтық мағынадағы кінә мен залал мөлшерін Орындаушының болжамдарымен алмастыруға болмайды.

5. Орындаушыға және жұмыс тобына қойылатын талаптар

Орындаушы өтінім берген күні және қызметтер көрсету мерзімінің бүкіл кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар, сондай-ақ осыған ұқсас жұмыстарды орындау тәжірибесі бар аудиторлық ұйым болуы тиіс.

Шарт жасалғанға дейін Орындаушы Тапсырыс берушіге өзінің тәуелсіздігін, мүдделер қақтығысының жоқтығын, сондай-ақ Орындаушының және ол тартатын мамандардың тексерілетін кезеңде Тапсырыс берушінің бухгалтерлік есебін жүргізуге, тексеруге жататын шаруашылық операцияларды қалыптастыруға және тиісті бастапқы есепке алу құжаттарын ресімдеуге қатыспағанын растайтын жазбаша құжат ұсынуға міндетті.

Жоба жетекшісі әдіснамаға, сапаға және есепке қол қоюға жауап береді. Біліктілігі расталған жағдайда рөлдерді қоса атқаруға жол беріледі.

ҚР заңнамасы, қолданылатын бөлігінде ІҚХС 4400 (қайта қаралған) «Келісілген рәсімдерді орындау жөніндегі тапсырмалар», қолданылатын Аудиттің халықаралық стандарттары (АХС) мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ХҚЕС), Тапсырыс берушінің ішкі құжаттары және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның корпоративтік құжаттары қолданылады.

6. Жұмыс мерзімдері мен тәртібі

Ұсынылатын ең ұзақ мерзім – негізгі құжаттар топтамасы ұсынылған күннен бастап 70 күнтізбелік күн. Алғашқы 5 жұмыс күні ішінде Орындаушы рәсімдер бағдарламасын, жоспар-кестені, қажетті құжаттар тізбесін және жұмыс тобының құрамын ұсынады; деректердің толықтығы мен жарамдылығын бағалайды.

Кемінде екі аптада бір рет орындалған жұмыстар, анықталған мәселелер, жетіспейтін құжаттар, мерзімнің бұзылу тәуекелдері және Тапсырыс берушінің қажетті іс-әрекеттері туралы қысқаша жазбаша ақпарат ұсынылады.

Объектілерге баруға, жол жүруге, тұруға және тамақтануға байланысты барлық шығыстар қызметтердің құнына енгізіледі және бөлек өтелмейді.

7. Қорытынды құжаттар

PDF және өңдеуге болатын Word форматтарындағы қол қойылған қорытынды есеп: кезеңі мен қамту аясы, рәсімдер, дереккөздер мен шектеулер, нақты нәтижелер, алшақтықтардың себептері, ТМҚ санаттары бойынша қорытындылар мен ұсынымдар.

Орындаушы әрбір позиция бойынша және тұтастай алғанда анықталған сандық және құндық алшақтықтардың есебі, растаушы құжаттар, алшақтықтардың туындау кезеңі және тиісті тұлғалардың құжаттарда бекітілген міндеттері көрсетілген, ТМҚ-ны тексерудің нақты нәтижелері туралы қол қойылған есепті ұсынуға міндетті. Пайдаланылған, бірақ есептен шығарылмаған материалдар іс жүзінде жоқ ТМҚ-дан бөлек көрсетіледі. Есеп пен қосымшалар Тапсырыс берушінің құқық қорғау және өзге де құзыретті органдарға ұсынуына да арналған.

ТМҚ-ның құжаттармен расталған жетіспеушілігі анықталған жағдайда, Орындаушы әрбір позиция бойынша және тұтастай алғанда оның құнының бөлек есебін есептеу әдістемесін, бастапқы деректерді және растаушы құжаттарды көрсете отырып ұсынуға міндетті. Жұмыстарда нақты пайдаланылған, бірақ бухгалтерлік есептен шығарылмаған материалдардың құны бөлек көрсетіледі.

7.1. Есептеулері мен 10 тізілімі бар, өңдеуге болатын Excel кітабы:

1) 1–2. Есепке алу және нақты қолда бар болуы; пайдаланылған және құжаттармен расталған ТМҚ.

2) 3–4. Пайдаланылған, бірақ уақтылы есептен шығарылмаған ТМҚ; шығуы расталмаған, іс жүзінде жоқ ТМҚ.

3) 5–6. Жетіспейтін құжаттар тізбесі көрсетілген, түпкілікті қорытынды жасалмаған позициялар; әрбір позицияның қозғалысы.

4) 7–8. Кезеңдер бойынша лауазымды тұлғалар мен МЖТ; бастапқы құжаттамадағы бұзушылықтар мен кемшіліктер.

5) 9–10. Ішкі бақылау шараларындағы кемшіліктер; тәуекелдер мен бақылау шараларының матрицасы.

6) PowerPoint/PDF форматындағы нәтижелер презентациясы, процестің блок-схемасы, растаушы материалдардың электрондық архиві, объектілерге барып тексеру актілері және фотосуреттер.

Құжаттар орыс тілінде ұсынылады; Тапсырыс берушінің талабы бойынша қорытындылардың қысқаша түйіндемесі қазақ тілінде де беріледі.

8. Құпиялылық және нәтижелерді пайдалану

Орындаушы коммерциялық құпия мен дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Материалдарды үшінші тұлғаларға беруге, жариялауға, өзге мақсаттарда пайдалануға және рұқсат етілмеген сыртқы жүйелерге жүктеуге жол берілмейді. Жұмыстар аяқталғаннан кейін деректерді сақтау мерзімі шартта айқындалады.

Тапсырыс беруші есеп пен қосымшаларды басқарушылық шешімдер қабылдау, есепке түзетулер енгізу, жалғыз қатысушыға, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға, ішкі аудитке ұсыну, наразылық-талап қою және сот жұмыстарын жүргізу үшін, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда уәкілетті органдарға ұсыну үшін пайдалануға құқылы.

9. Қызметтерді қабылдау

Қызметтер қорытынды есеп осы техникалық ерекшеліктің 7-бөлімінің талаптарына сәйкес келген жағдайда қабылданады.Сондай-ақ қызметтер техникалық ерекшелікте көзделген барлық рәсімдер орындалып, объектілерге міндетті түрде бару жүзеге асырылғаннан, барлық қорытынды құжаттар берілгеннен, Тапсырыс берушінің негізді ескертулері жойылғаннан және нәтижелерді қорғау арқылы қорытынды презентация өткізілгеннен кейін қабылданады. Тексерілетін ТМҚ позициялары бойынша егжей-тегжейлі тізілімдерсіз ұсынылған жалпы мәтіндік есеп міндеттемелерді тиісінше орындау болып есептелмейді.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	4400 (қайта қаралған) Ілеспе қызметтердің халықаралық стандарты (каз)

Қол қойған САРЫЕВ ГАЛЫМЖАН КАБУЛБЕКОВИЧ

Қол қойылған күні 17.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1272106
способом Открытый тендер

Лот № (78 У, 4585821) Услуги по проведению внешней оценки системы внутреннего аудита

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Кен-Курылыс-Сервис"
Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Кен-Курылыс-Сервис"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	78 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по проведению внешней оценки системы внутреннего аудита, Услуги по проведению внешней оценки системы внутреннего аудита
Дополнительная характеристика	Независимая комплексная проверка учета, движения, фактического наличия, использования и списания товарно-материальных ценностей (ТМЦ) с выполнением согласованных процедур и расчетом стоимости документально подтвержденной недостачи; итог — письменное заключение и подтверждающие материалы согласно технической спецификации.
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Жанаозен Г.А., г.Жанаозен, объекты и подразделения ТОО «Кен-Курылыс-Сервис»
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора по (включительно) 10.2027
Условия оплаты	Предоплата - 30%, Промежуточный платеж - 60%, Окончательный платеж - 10%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

1. Предмет и цель услуг

Исполнитель проводит независимую комплексную проверку учета, движения, фактического наличия, использования и списания товарно-материальных ценностей (ТМЦ) ТОО «Кен-Курылыс-Сервис» (Заказчик) с выполнением согласованных процедур, по Международные стандарты сопутствующих услуг – МССУ 4400 (пересмотренный), включая инженерно-техническую проверку фактического использования материалов в строительно-монтажных работах.

Цель — установить статус каждой проверяемой позиции, причины и период возникновения расхождений, документально закрепленные обязанности ответственных лиц и недостатки

контроля; подготовить подтвержденные данные для управленческих, бухгалтерских и правовых решений.

2. Период и объекты проверки

Проверяемый период: с 01.01.2020 по 31.12.2025 включительно. По выявленным расхождениям с момента поступления ТМЦ на склад Заказчика. Связанные документы и операции 2026 года изучаются при необходимости подтверждения дальнейшего движения, использования или списания ТМЦ.

Объекты проверки: строительные участки №1 и №3, центральный склад, другие места хранения и производственные объекты, подразделения, бригады и третьи лица, которым передавались проверяемые ТМЦ, включая ответственное хранение, а также внутренние перемещения ТМЦ между участками и подразделениями. Перечень производственных объектов (договоров) для обязательного выездного обследования формируется Заказчиком с указанием статуса объекта (в работе, сдан заказчику, введен в эксплуатацию) и места хранения исполнительной документации и передается Исполнителю в составе основного комплекта документов.

3. Основные работы

1) По ТМЦ с выявленными расхождениями проводится сплошная проверка. Процедуры и рабочий график согласуются с Заказчиком.

2) Проверить полноту данных бухгалтерского и складского учета, выгрузок 1С и первичных документов;

3) сопоставить поступления, выдачу, перемещения, возвраты, списания и корректировки.

4) Восстановить движение каждой позиции от поступления до использования, передачи, возврата или списания: даты, количество, стоимость, места хранения, получатели, ответственные лица, объекты и подтверждающие документы.

5) Проверить смену материально ответственных лиц (МОЛ): приказы, акты приема-передачи, инвентаризационные описи, сличительные ведомости и периоды ответственности.

6) В случае обнаружения расхождений учета ТМЦ во время проведения проверки при соглосовании с Заказчиком инициировать и участвовать в организованной Заказчиком инвентаризации.

7) Обязательно выехать на производственные объекты и проверить фактическое использование ТМЦ по осмотрам, проектно-сметной и исполнительной документации, формам №2, М-29, актам выполненных и скрытых работ по формам, применяемым Заказчиком, материальным отчетам о расходе материалов (в т.ч. по форме М-29), актам освидетельствования скрытых работ, исполнительным схемам, общим журналам работ, журналам входного контроля материалов, требованиям-накладным, накладным на отпуск материалов на сторону. Сопоставить расход материалов с объемами работ по сметной

потребности (ресурсные сметные нормы РК, примененные в сметах) с учетом норм неизбежных потерь и отходов, проектных спецификаций и согласованных замен материалов; расход сверх норм отражается отдельно с указанием наличия или отсутствия обоснования; выполнить фотофиксацию (с соблюдением пропускного режима установленных на объекте) и необходимые обмеры доступных конструкций.

8) Доступ на объекты, переданные заказчикам (эксплуатирующим организациям), организуется Заказчиком через владельца объекта. Исполнитель обеспечивает своих работников средствами индивидуальной защиты, обеспечивает прохождение вводного инструктажа и соблюдение требований промышленной безопасности и пропускного режима; инструменты для обмеров (при необходимости — геодезическую съемку) Исполнитель обеспечивает за свой счет.

9) Проверить основания, полномочия подписантов и своевременность списаний, соответствие номенклатуры, количества, стоимости и объекта; выявить повторные списания, необоснованные сторно (сторнирование), крупные, нетипичные и поздно отраженные операции.

10) Проверить передачи подразделениям, бригадам и третьим лицам: основание, дату, количество, получателя и его подпись, цель передачи, дальнейшее использование, возврат или списание.

11) Проанализировать инвентаризации 2020–2025 годов: комиссии, охват, результаты, принятые меры, отражение в учете и повторяющиеся расхождения. Установить причины и подтверждаемый период расхождений, обязанности должностных лиц и МОЛ.

12) Оценить контроль на всех этапах учета и движения ТМЦ; подготовить блок-схему процесса и матрицу рисков и контролей с оценкой вероятности, причинами, последствиями, недостатками, рекомендациями и ответственными подразделениями.

Скрытые и смонтированные элементы проверяются по совокупности документов. Вскрытие, демонтаж и иное физическое вмешательство допускаются только по отдельному письменному согласованию Заказчика и владельца (эксплуатанта) объекта.

4. Классификация и обоснованность результатов

Каждая проверяемая позиция относится к одной из следующих категорий:

№	Статус ТМЦ
1	Фактически имеется в наличии.
2	Использована на объекте в пределах норм расхода; использование документально подтверждено.
3	Использована, но списание оформлено несвоевременно или не полностью.

4	Передана подразделению, бригаде или подрядчику; движение подтверждено.
5	Возвращена на склад; возврат подтвержден документом и фактическим наличием.
6	Относится к незавершенному строительству или работам (работы выполнены, но не предъявлены или не приняты заказчиком; подтверждается общим журналом работ и исполнительной документацией).
7	Фактически отсутствует; использование, передача, возврат или иное выбытие не подтверждены.
8	Недостаточно данных для окончательного вывода; указан перечень недостающих документов и сведений.
9	Использована сверх норм расхода; перерасход не обоснован (указывается объем перерасхода).
10	Пересортица / замена: использован аналог (иной типоразмер, марка); указывается наличие согласования замены.

Каждый вывод должен содержать ссылку на конкретный документ, запись 1С, акт, объект или фото. Если точный период расхождения не установлен, указываются подтвержденный диапазон дат и причины ограничения.

Бухгалтерский остаток при отсутствии ТМЦ на складе сам по себе не подтверждает недостачу: предварительно проверяются движение и использование материалов. Документально установленные обязанности работников отделяются от юридической вины; вина и размер ущерба в правовом смысле не могут подменяться предположениями Исполнителя.

5. Требования к Исполнителю и команде

Исполнителем должна являться аудиторская организация, имеющая действующую лицензию на осуществление аудиторской деятельности на территории Республики Казахстан на дату подачи заявки и в течение всего срока оказания услуг, а также опыт выполнения аналогичных работ.

До заключения Договора Исполнитель обязан предоставить Заказчику письменное подтверждение своей независимости, отсутствия конфликта интересов, а также подтверждение того, что Исполнитель и привлекаемые им специалисты не участвовали в ведении бухгалтерского учета Заказчика за проверяемый период, формировании

проверяемых хозяйственных операций и оформлении соответствующих первичных учетных документов.

Руководитель отвечает за методологию, качество и подписание отчета. Совмещение ролей допускается при подтвержденной квалификации.

Применяются законодательство РК, МССУ 4400 (пересмотренный) «Задания по выполнению согласованных процедур» в применимой части, применимые МСА и МСФО, внутренние документы Заказчика и корпоративные документы АО НК «КазМунайГаз» и АО «Самрук-Қазына».

6. Сроки и порядок работы

Рекомендуемый максимальный срок – 70 календарных дней с даты предоставления основного комплекта документов. В первые 5 рабочих дней Исполнитель представляет программу процедур, план-график, перечень необходимых документов и состав команды; оценивает полноту и пригодность данных.

Не реже одного раза в две недели представляется краткий письменный статус: выполненные работы, выявленные проблемы, недостающие документы, риски нарушения срока и необходимые действия Заказчика.

Все расходы на выезды, проезд, проживание и питание включаются в стоимость услуг и отдельно не возмещаются.

7. Итоговые документы

Подписанный итоговый отчет в PDF и редактируемый Word: период и периметр, процедуры, источники и ограничения, фактические результаты, причины расхождений, выводы по категориям ТМЦ и рекомендации.

Исполнитель обязан представить подписанный отчёт о фактических результатах проверки ТМЦ с расчётом выявленных количественных и стоимостных расхождений по каждой позиции и в целом, указанием подтверждающих документов, периода возникновения расхождений и документально закреплённых обязанностей соответствующих лиц. Использованные, но не списанные материалы отражаются отдельно от фактически отсутствующих ТМЦ. Отчёт и приложения предназначены также для представления Заказчиком в правоохранительные и иные компетентные органы.

Исполнитель обязан представить отдельный расчёт стоимости документально подтверждённой недостачи ТМЦ, если она выявлена, по каждой позиции и в целом, с указанием методики расчёта, исходных данных и подтверждающих документов. Стоимость материалов, фактически использованных в работах, но не списанных в учёте, отражается отдельно.

7.1. Редактируемую Excel-книгу с расчетами и 10 реестрами:

1) 1–2. Учет и фактическое наличие; использованные и документально подтвержденные ТМЦ.

2) 3–4. Использованные, но своевременно не списанные ТМЦ; отсутствующие ТМЦ с неподтвержденным выбытием.

3) 5–6. Позиции без окончательного вывода с перечнем недостающих документов; движение каждой позиции.

4) 7–8. Должностные лица и МОЛ по периодам; нарушения и дефекты первичной документации.

5) 9–10. Недостатки внутренних контролей; матрица рисков и контролей.

6) Презентацию результатов в PowerPoint/PDF, блок-схему процесса, электронный архив подтверждающих материалов, акты выездных обследований и фотографии.

Документы предоставляются на русском языке; по требованию Заказчика — краткое резюме выводов также на казахском языке.

8. Конфиденциальность и использование результатов

Исполнитель обеспечивает защиту коммерческой тайны и персональных данных. Передача материалов третьим лицам, публикация, использование в иных целях и загрузка в несанкционированные внешние системы не допускаются. Срок хранения данных после завершения работ определяется договором.

Заказчик вправе использовать отчет и приложения для управленческих решений, корректировки учета, предоставления единственному участнику, АО НК «КазМунайГаз», внутреннему аудиту, претензионно-исковой и судебной работы, а также уполномоченным органам в предусмотренных законом случаях.

9. Приемка услуг

Приемка услуг осуществляется при условии соответствия итогового отчета требованиям раздела 7 настоящей технической спецификации.

Также услуги принимаются после выполнения всех предусмотренных спецификацией процедур и обязательных выездов, передачи всех итоговых документов, устранения обоснованных замечаний Заказчика и итоговой презентации с защитой результатов. Общий текстовый отчет без детальных реестров по проверяемым позициям ТМЦ не считается надлежащим исполнением.

3. Нормативно-технические документы

№ п/п	Наименование
1	Международный стандарт сопутствующих услуг (МССУ) 4400 (пересмотренный) (РУС)

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Дата подписания 17.11.2026